



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шілдеде Қазақстанның басым бөлігінде жылдық инфляция қарқын алды

Астана қ.

2024 жыл, 16 тамыз

Елде **жылдық инфляция** шілдеде қарқын алып, **8,6%** болды (маусымда – 8,4%). Жылдық инфляцияның екпіні 14 өңірде тіркелді, 4 өңірде баяуласа, 2 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында және Қарағанды облысында тіркелді.

Шілдеде **азық-түлік** тауарларының бағасы 5,5%-ға дейін жеделдеді (маусымда – 5,4%). Осы топтағы тауарлар бағасының максимал өсімі Алматы қаласында (8,1%), ал аз өсім Түркістан облысында (3,0%) байқалды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны 7,3%-ға дейін баяулады (маусымда – 7,4%). Максимал мән – Маңғыстау облысында (13,6%), минимал мән – Алматы облысында (5,1%) тіркелді.

Шілдеде **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 14,5%-ға дейін жеделдеді (маусымда – 13,8%). Сонымен қатар Павлодар облысында (18,8%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Ұлытау облысында (10,2%) айтарлықтай төмен болды.

Шілдеде ел бойынша **айлық инфляция 0,7%-ға** өсті, бұл – тарихи орташа мәнінен төмен (2017-2021 жылдардағы шілдеде – 0,3%).

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

<https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz